

Б. Халым^{1*} , **Г.Н. Смағұлова¹** , **И.Б. Байсыдық²** 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: bota-@mail.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ АДАМ МІНЕЗІН СИПАТТАЙТЫН ЗООНИМ КОМПОНЕНТТЕРІ БАР ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Андатпа. Мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі адамның мінезін сипаттайтын зоонимдік компоненттері бар фразеологизмдер талданады. Адами қасиеттер мен мінез-құлық ерекшеліктерін сипаттау үшін жануарлар бейнелерімен сипатталатын тұрақты тіркестер экспрессивті құралдар аясында қарастырылады. Екі тілдегі зоонимдік компонентті фразеологизмдерге салыстырмалы әдіс арқылы талдау жүргізілген.

Қос мәдениет өкілдерінің дискурсындағы фразеологиялық тіркестерді қолдану ерекшеліктерін сипаттау барысында ұқсастықтар мен айырмашылықтарын анықтау, қазақ және ағылшын тілдеріндегі зоонимдік компоненттері бар фразеологиялық бірліктерді талдау – мақаланың мақсаты.

Мақаланың негізгі бөлімінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі зоонимдік компоненттері бар фразеологиялық бірліктер адамның мінезі туралы көзқарастардың көрінісі және коммуникацияда мәдени ерекшеліктер екені дәлелденеді. Талдау нәтижесінде екі тілде де мінезге қатысты адами қасиеттерді сипаттау үшін зоонимдік компонентті фразеологиялық бірліктердің қолданылатыны анықталды. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер жануарлармен тығыз байланысты, яғни малға қатысты зоонимдерді көрсетсе, ағылшын тілі көбінде құстар, жәндіктер және теңіз тіршіліктерімен байланысты зоонимдерге сүйенеді. Зерттеу нәтижелері тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін зерттейтін лингвистер мен аудармашыларға және мәдениеттанушыларға пайдалы болуы мүмкін.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі зоонимдік компоненттері бар фразеологизмдерді салыстырмалы талдау, әртүрлі мәдениет өкілдерінің адам мінезін қалай қабылдауы мен сипаттауындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау зерттеу тақырыбының өзектілігі болды. Тақырыпқа қатысты ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, өзіндік ой-пікір ұсынылды. Мақаланың негізгі зерттеу нысанына айналған зоонимдік компоненттері бар фразеологизмдерге жан-жақты талдау жүргізілді.

Тірек сөздер: зооним, фразеологизм, мінез, семантика, менталитет.

Б. Халым^{1*}, Г.Н. Смағұлова¹, И.Б. Байсыдық²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: bota-@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ С ЗООНИМИЧЕСКИМИ КОМПОНЕНТАМИ, ХАРАКТЕРИЗУЮЩИЕ ХАРАКТЕР ЧЕЛОВЕКА В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация. В статье рассматриваются фразеологизмы с зоонимическими компонентами, характеризующие характер человека на казахском и английском языках, исследуются лингвистические выразительные средства, использующие образы животных для описания человеческих качеств и особенностей поведения. В статье мы проведем обзор фразеологизмов, использующих зоонимические компоненты в обоих языках, и проведем анализ с помощью сравнительного метода.

Цель статьи – выявление сходств и различий в описании особенностей употребления фразеологизмов, анализ фразеологизмов с зоонимическими компонентами в казахском и английском языках в дискурсе представителей двойной культуры.

Основной раздел статьи доказывает, что фразеологизмы с зоонимическими компонентами являются отражением культурных особенностей и взглядов на характер человека в казахском и английском языках. Анализ показал, что оба языка используют фразеологизмы с животными для описания человеческих качеств. Фразеологизмы на казахском языке тесно связаны зоонимами относящиеся к скоту, близкородственным животным, а в английском языке в основном используются зоонимы, относящиеся к птицам, насекомым и морским обитателям. Результаты исследования могут быть полезны лингвистам, переводчикам и культурологам, изучающим взаимодействие языка и культуры.

Актуальностью темы исследования является сопоставительный анализ фразеологизмов с зоонимическими компонентами на казахском и английском языках, выявление сходств и различий в том, как представители разных культур воспринимают и описывают характер человека. Авторы представили собственное видение проблемы на

основании анализа трудов ученых по данной тематике. Нами проведен всесторонний анализ фразеологизмов с зоонимическими компонентами, ставших основным объектом исследования статьи.

Ключевые слова: зооним, фразеологизм, характер, семантика, менталитет.

B. Halym^{1*}, G.N. Smagulova¹, I.B. Baissydyk²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: bota-@mail.ru

PHRASEOLOGICAL UNITS WITH A ZOONYMIC COMPONENT THAT CHARACTERIZE THE CHARACTER OF A PERSON IN THE KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

Abstract. The article deals with phraseological units with zoonymic components that characterize the character of a person in the Kazakh and English languages, explores linguistic expressive means using animal images to describe human qualities and behavioral characteristics. In the work, we will review phraseological units with zoonymic components in both languages and analyze them using a comparative method.

The purpose of the scientific article is to identify similarities and differences in the description of the peculiarities of the use of phraseological units, analysis of phraseological units with zoonymic components in Kazakh and English languages in the discourse of representatives of the two cultures.

The main section of the article proves that phraseological units with zoonymic components are a reflection of cultural characteristics and views on human character in the Kazakh and English languages. The analysis showed that phraseological units with animals to describe human qualities are used in the two languages. Phraseological units in the Kazakh language are closely related to animals, that is zoonyms referred to livestock, while English language mainly relies on zoonyms related to birds, insects and sea creatures. The results of the study may be useful to linguists, translators and cultural scientists who study the interaction of language and culture.

The relevance of the research topic was the comparative analysis of phraseological phrases with zoonymic components in the Kazakh and English languages, revealing similarities and differences in the way, how human character is perceived and described by the different representatives of cultures. The authors presented their own vision of the problems based on the analysis of the works of the scientists on this topic. Comprehensive analysis of phraseological units with zoonymic components, which have become the main object of the article's research were carried out.

Keywords: zoonym, phraseology, character, semantics, mentality.

Кіріспе

Фразеологизмдердің адамның өмір тіршілігінің барлық саласына қатысы бар екенін ескерсек, олардың мағыналық топтарға бөлінетіні де заңдылық екені белгілі. Біз зерттеп отырған жұмыстың негізгі мақсаты – адам мінезін сипаттайтын зоонимдік компоненттері бар фразеологизмдерді анықтау.

Фразеология лингвистиканың маңызды бөлігі ретінде тілді байытатын және оның мәдени және әлеуметтік семиосферасының ерекше қабатын құрайтын тұрақты тіркестерді зерттейді. Фразеология лингвистикалық талдаудың маңызды аспектісі болып табылады және тілдің күнделікті қарым-қатынастағы дискурстық ерекшелігін түсінуге көмектеседі. Фразеологизмдерді семантикалық мазмұн мен бейнелерге байланысты әртүрлі тақырыптық категорияларға бөлуге болады. Оларды табиғатқа, мәдениетке, тарихқа, спортқа т.б. қатысты компоненттері бар фразеологизмдер деп жіктеуге болады. Сол секілді қазақ және ағылшын тілдерінде зоонимдік, яғни жан-жануарлардың атаулары кездесетін тұрақты тіркестер де бар.

Зоонимдік компоненттері бар фразеологизмдер – бұл халықтардың мәдени ерекшеліктері мен менталитетінің тілдің құрылымы мен семантикасына әсерін көрсететін ерекше лингвистикалық сала. Жануарлардың атауларын қолданатын фразеологизмдер көбінесе сөйлеуді байыту құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар адам мінезін сипаттаудың күшті элементі болып табылады. Бұл тақырыпты зерттеу қазақ және ағылшын тілдерінде адам табиғаты туралы әртүрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды талдауға мүмкіндік беретін тіларалық және мәдениетаралық ерекшеліктердің бай әлемін ашады.

Тіл мен мәдениеттің өзара ықпалы – адамды сипаттау үшін зооморфтік бейнелер арқылы жануарлар атауларын қолданудан көрінеді. Атап айтқанда, жануар, құс, жәндіктің атаулары көбінде метафораның объектісі болып келеді, өйткені олардың тікелей қатысуымен көптеген

тілдерде адамның мінезі, оның сыртқы келбеті, мінез-құлқы, ақыл-ой қабілеттері, ішкі сезімі көрініс береді. Жануардың бейнесі – әр халықтың гуманизмі мен өркениетінің өзіндік айнасы. Мәдениеттің шекарасын адам табиғаттан бөлініп, оның басқа өкілдерімен саналы қарым-қатынас орнатып, байланысқанда көрініс береді. Жануардың белгілі бір сыртқы белгілері, өзіндік бір ерекше және жеке сипаты белгілі бір адамның сыртқы түрі мен сипатына ұқсас болады. Сонымен қатар, жануардың және оның атауының белгілері адамға оған сыртқы және ішкі қасиеттерінен бастап, әлеуметтік мәртебесіне, қарым-қатынас дәрежесіне, өмір сүру салтына берілуі мүмкін. Бұл ұлттық мәдениеттің дәстүріне сай, халықтың діні мен өзіндік санасына сәйкес жүзеге асырылады.

Адам мінезін сипаттауда белгілі бір зоонимдік атауды қолдану халықтың тарихи, рухани және діни мәдениетінде жатыр. Қазақ және ағылшын тілдерінде сөйлейтін халықтардың мәдени ерекшеліктері мен менталитетін түсіну үшін зоонимдік компоненттері бар фразеологиялық бірліктерді зерттеуді атап көрсету басты назарда болды. Сондықтан да екі тілдегі аталған фразеологизмдерді салыстырмалы талдау әртүрлі мәдениеттердің адам мінезін қалай қабылдауы мен сипаттауындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің мақсаты – екі тілдегі мәдениеттегі адамды сипаттау тәсілдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау мақсатында қазақ және ағылшын тілдеріндегі зоонимдік компоненттері бар фразеологиялық бірліктерге салыстырмалы талдау жүргізу.

Материал және әдістер

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі адамның мінезін сипаттайтын зоонимдік компоненттері бар фразеологизмдерді зерттеу әдістері лингвистикалық талдау мен салыстыра зерттеудің әртүрлі аспектілерін қамтиды. Олардың қатарында:

1. Лексикографиялық талдау;
2. Салғастырмалы талдау;
3. Семантикалық талдау (мәдени және қолдану) әдістері бар.

Бұл тақырыпты зерттеу тіл мен мәдениеттегі зоонимдік фразеологизмдердің мағынасы мен рөлін толық түсіну үшін қажет. Басты әдіс ретінде ғылыми сипаттау әдістері, оның ішінде лингвистикалық бақылау, жүйелік талдау және синтездеу, жіктеу және жүйелеу, салыстыру және салғастыру әдістері, құрылымдық-семантикалық әдіс және сөздік дефиницияларды талдау әдісі қолданылды. Лексикалық бірліктердің семантикасын компоненттік және контекстік талдау әдістері қолданылды. Зерттеудің интерпретациялық әдістері нәтижелерді, яғни ассоциативті эксперимент барысында алынған нақты мәліметтерді талдауда қолданылды.

Зерттеу барысында қолданылған дереккөздер: «Фразеологиялық сөздік» (2007) И.Кеңесбаев, «The Oxford Dictionary of Proverbs» (2009) Jennifer Speake, «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (2020) Г.Смағұлова, 500 ағылшын мақал-мәтелдері (2003), «Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік» (2010) Ү.Кеңесбаева, Cambridge Idioms Dictionary (2006) және интернет ресурсы <https://melodict.com>.

Әдебиетке шолу

Қазақ тіліндегі жан-жануарлар атауларына байланысты еңбектер ХХ ғасырдың екінші жартысында зерттеле басталғанымен, түбегейлі, жан-жақты қарастырған зерттеу жұмыстары жеткілікті деуге болмайды. ХХІ ғасырдың басында бұл тақырып ғалымдар арасында терең талқыға түсіп, ғылыми еңбектер жан-жақты жазылып, жаңа зерттеу жұмыстарымен толықты.

Соның ішінде жануарлар атауларына байланысты фразеология саласына да ғалымдар назар аударды. Осы орайда филология ғылымдарының кандидаты Т.Ж. Мықтыбаеваның «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы» атты диссертациясында: «Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді ой елегінен өткізер болсақ, олардың басым көпшілігі жан-жануарлар негізінде қалыптасқан» (Мықтыбаева, 2005: 9), – дейді.

Зерттеуші-ғалым Т. Қоңыровтың «Қазақ тілінің тұрақты теңеулері сөздігі» атты еңбегінде жан-жануар атауларымен теңеудің саны 1749-ға жеткен (Қоңыров, 2007: 480). Яғни, аталмыш сөздіктің 25%-ы зоонимдерден тұратындығы белгілі болды.

М.М. Копыленконың «Основы этнолингвистики» атты зерттеу жұмысы бойынша сөздіктерде: «жылқы – 103 рет, қой – 93 рет, түйе – 72 рет, ит – 70 рет, сиыр – 56 және ешкі – 24

рет» аталады екен (Копыленко, 1995: 35).

Ағылшын тілінде жарық көрген «500 English proverbs and sayings» атты 500 мақал-мәтел кітабында сол тілде жылқы малына қатысты тұрақты тіркестердің саны 200-ден аса, түйеге қатысты – 3, қойға қатысты – 86 мақал-мәтел мен тұрақты тіркес және сиырға байланысты – 76 тұрақты тіркестер бар екені анықталды (500 English proverbs and sayings, 2003: 467).

Сонымен қатар зерттеуші-ғалым Н.М. Рсалиеваның «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі идиомалардың аудармасы жөнінде» атты ғылыми мақаласында ағылшын тіліндегі идиомаларды қазақ тіліне аударғанда мағынасына қарай бірнеше топтарға бөліп қарастырған. Бұл еңбекте идиомалардың аударма мағынасы түпнұсқадан қандай тәсілдер арқылы аударылатыны маңызды екені мысалдар арқылы нақты түсіндірілген (Рсалиева, 2012: 145). Аталған еңбекте зооним компоненті бар ағылшын идиомалары зерттеу жұмысымыздың мысалына үлесін қосты.

Ағылшын тіліндегі жан-жануарларға қатысты фразеологизмдерді зерттеген ғалымдардың ішінде А.Д. Молчанованың, Н.Д. Петрованың, В.В. Тимофеевнаның т.б. еңбектері бар. Аталмыш еңбектердің арасында біз зерттеп отырған тақырыпқа негізделген Г.С. Григорьеваның «Фразеологические единицы с зоонимами в аспекте теории номинации» атты еңбегі басшылыққа алынды. Жоғарыда аталған ғалымдар ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің ауыспалы-бейнелі мағынасын, зоосемизмдердің фразеосемантикалық өрісін, семантикалық және тақырыптық ерекшеліктерін зерттеген.

Ендігі кезекте көптеген әдебиеттер мен сөздіктерді пайдалана отырып, біз мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі адам мінезін сипаттайтын фразеологизмдерді зерттейтін боламыз.

Нәтижелер және талқылау

Адамды сипаттау үшін қолданылатын зоонимдік компоненттері бар фразеологиялық бірліктер – бұл тіл арқылы халықтардың мәдени ерекшеліктері мен менталитетін қалай бейнелейтінін түсінуге ғана емес, сонымен қатар адам табиғатын сипаттаудың алуан түрлі тәсілдерін ашуға мүмкіндік беретін қызықты лингвистикалық құбылыс. Қазақ және ағылшын тілдерінде бай фразеологиялық қазыналар бар, онда зоонимдер адамдардың белгілі бір белгілері мен мінез-құлқын білдіруде шешуші рөл атқарады.

«Қазақ әлеуметтік дәреженің толықтығын, бүтіндігін көрсету үшін төрт түлік малды атайды: жылқы, түйе, қой және сиыр. Олар дүниенің төрт бұрышын, төрт стихияны, төрт бағытты, адамның төрт түрлі мінезін білдіреді», – деп, М.Ш. Хасанов «Космос казахской культуры» атты еңбегінде қазақ халқының төрт түлік арқылы адам мінезін сипаттағаны жайлы айтылады (Хасанов, 1993: 177).

Қазақ мәдениетінде жылқы, түйе, қой және сиыр адам табиғатының әртүрлі жақтарын бейнелейді. Мысалы, жылқы күштілік пен мақтаншықты және бостандыққа ұмтылуды, түйе – төзімділік пен тұрақтылықты, қой – мойынсұнушылықты, сиыр – тыныштықты бейнелейді. Осы жануарлардың аттарын қолданатын фразеологиялық бірліктер адамның қасиеттерін сипаттайтын метафора бола алады.

Ағылшын мәдениетінде де төрт түлік адам мінезін сипаттап, метафораланады. Мысалы, жылқы – ақылмен, түйе – шыдамдылықпен, қой – ұлшақтықпен, сиыр – тұрақтылықпен байланысты сипатталады.

Зоонимдік компоненттері бар фразеология жануарлар әлемі мен адамдар әлемі арасында көпір салады. Ол адам табиғатының әртүрлі аспектілерін сипаттау үшін жануарлардың аттарын метафоралық бейнелер ретінде пайдаланады. Осы тұрғыда лексикографиялық талдау қазақ және ағылшын тілдерінде осындай көптеген тұрақты тіркестерді анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ тілінде «ит терісін басына қаптау» деген сөз – «ұрсу», «жерден алып жерге салу» дегенді білдірсе, ал «иесін көрген иттей» деген сөз – біреудің алдында «жағымпаздануға», «жалпылдауға» деген ұмтылысты білдіреді.

Ағылшын тілінде де big mouth, bad mouth деген сөздер «өсекші», «жалажапқыш» деген мағына береді. Бұл жерде назар аударатын мәселе, bad mouth деген сөзді тура аударсақ «жаман ауыз» деген мағына береді, қазақша тура осымен мағыналас «аузы жаман» деген сөз бар. Сонымен қатар испан тілінде тілі уытты әйелді «viboga» дейді, бұл жыланның бір түрінің атауы екен, қазақ тілінде де «тіліңнің уын шашпа» деген тіркес бар, бұдан да мағыналық ұқсастық анық

байқалады (Baissydyk, 2023: 216-223).

Сол сияқты ағылшын тілінде «sly as a fox» (түлкі сияқты айлакер) немесе «stubborn as a mule» (есек сияқты қыңыр) сияқты тіркестер белгілі бір қасиеттерді тиісті жануарлардың мінез-құлқымен байланыстыру арқылы жеткізеді.

Зоонимдік компоненті бар фразеологияларды жүйелі түрде топтастыруда ең алдымен саралауға болатын тақырыпты айқындау қажет екені анық. Осы орайда қазақ фразеология саласының негізін қалаған ғалым І.К. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегінде: «Ұйытқы сөздердің табиғатын, себеп-салдарын, тематикалық топтарын, өз алдына дара тексерудің мәні зор», – деген пікірін тілге тиек ете кеткен жөн (Кеңесбаев, 1977: 589).

Сонымен, «Адам» саласына жататын мағыналық топтар, академик Ә.Т. Қайдардың жүйелеуі бойынша: «Адамзат», «Қазақ этносы», «Дене мүшелері мен ағзалары», «Ауру-сырқау», «Туыстық, жақындық қатынастар», «Өмір-тіршілік» деген ірі-ірі тақырыптардан және соларға қатысты тақырыпшалардан тұрады (Қайдар, 1998: 8-29).

Осы пікірге сүйенетін болсақ, адам мінезін сипаттайтын зоонимдік компоненті бар тұрақты тіркестерді мынандай топтарға бөліп қарастырауға болады:

1. *Адамның мінезін, қасиетін білдіретін тұрақты сөз тіркестері (жақсы мен жаман);*
2. *Адамның көңіл-күйін, психикалық жағдайын білдіретін тұрақты сөз тіркестері;*
3. *Адамның өзара қарым-қатынасын бейнелейтін тұрақты сөз тіркестері.*

Адамның мінезін, қасиетін білдіретін тұрақты сөз тіркестері:

Ақылдылық, талапкерлікке байланысты: қазақ тілінде: жүзден жүйрік, мыннан тұлпар; талабы тай жегендей; талаптың тұлпарын мінген, дала бүркітіндей қырағы; жолбарыстай білекті; т.б. ағылшын тілінде: clever dog – ит сияқты ақылды; to know a hawk from a handsaw – көкекті сұңқардан ажырата білу; to be a whale at smth – теңіз китіндей ақылды болу және т.б.

Ақылсыздық, топастық: қазақ тілінде: сиыр сипағанды білмейді, жаман сиыр өрешіл, сүзеген сиырға мүйіз бермейді, иттік жасау десе, ал ағылшын тілінде: an ass in a lion's skin – арыстан терісін жамылған есек; make an ass of oneself – өз-өзін ақымақ ету; as greedy as a wolf – қасқыр сияқты тойымсыз дегенді білдірсе, a black sheep – отбасын ұятты жағдайға қалдырған адамды сипаттайды.

Екіжүзділік, арамдық, қулық: қазақ тілінде: ішінде ит өліп, түлкі тұншығып жатыр; мысық тілеу; жылан жүрісті; қой терісін жамылған қасқыр; текені әке, ешкіні шеше деп; орман түлкісіндей қу; түлкі бұлаң; т.б. ағылшын тілінде: sharp as a serpent's tooth – жыланның уытындай улы; as greedy as a wolf – қасқырдай тойымсыз; as cunning as a fox – түлкідей айлакер; a sly dog – жымысқыланған иттей; downy bird – өте қу және т.б.

Қисық, қыңыр мінезді, мазасыз: қазақ тілінде: бірде бүйе, бірде түйе; сиыр тектес; сіркедей қан шықпас; т.б. ағылшын тілінде: as stubborn as a mule (есектей қыңыр); bear a grudge against somebody – біреуге тісін қайрау; an old cat – кәрі мысықтай ашулы және т.б.

Мақтаншақ, асыра сілтеушілік: қазақ тілінде: екі иығына екі үкі, басына бір үкі тағып; аузымен құс ұстап отыр; айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады; бұлбұлдай сайрау және т.б. Ағылшын тілінде: like a dog with two tails – қуанышы қойнына сыймаған адам; paper tiger – (сырттай тигр сияқты күшті көрінгенмен, іштей әлсіз адам; an ass in a lion's skin – (арыстан терісін жамылған есек); fly on the wheel – өзіне көп алатын адам; to shoot the bull – майда тілмен мақтану; to make a mountain out of a molehill – түймедейді түйедей ету және т.б.

Момын, жуас, ұяң, көнбіс: қазақ тілінде: тойған қозыдай; жуас түйе жүндеуге жақсы; тұмалдырық таққан бұзаудай; бұйдағалаған тайлақтай; қой аузынан шөп алмас; жаман түйенің жабуындай; көгендеген қойдай және т.б. тұрақты тіркестер болса, ал ағылшын тілінде: as red as a turkey-cock (сөбе-сөз: күрке тауықтың айдарындай қызыл); a tame cat – үй мысығындай момын; hard as goat's knees – өте көнбістік; an ass between two bundles of hay – өздігінен шешім шығара алмайтын адам; neither fish nor flesh – пысық емес, бос адам; can't say bo to a goose немесе wouldn't hurt a fly – ұшқан шыбынға зияны жоқ адам.

Сараң, жемқор: қазақ тілінде: атты арбап, атан жұтады; түйені түгімен, бүйені бүгімен жұтқан т.б. Зерттеу барысында зооним компоненті бар ағылшын тілінде сараңдықты, жемқорлықты бейнелейтін тұрақты тіркестерді көп кездестірмедік, дегенмен де as greedy as a

wolf – қасқырдай тойымсыз деген мағынаны берсе, the wolf that wants to find the meat must trot all day on his own feet – ет тамағы – елден, бөрі тамағы – жолдан дегенді білдірді.

Адамның көңіл-күйін, психикалық жағдайын білдіретін тұрақты сөз тіркестері:

Қуаныш пен шаттықты білдіретін: қазақ тілінде: жерден жеті қоян тапқандай; бәйгеден аты озып келгендей; ақ түйенің қарыны жарылған күн; ағылшын тілінде: a lucky dog – бағы жанған ит.

Жағымсыз эмоция мен жабырқау көңіл: қазақ тілінде: сең соққан балықтай; жарасын жалаған иттей; сіркесі су көтермейді; ботасы өлген түйедей; көлінен құсы ұшты; құрт жеген құба сөңкел секілді; торғайдай тозу; кірпідей жиырылды; жаралы арыстандай аласұрды т.б. Ағылшын тілінде: as cold as a frog (құрбақадай суық); to give somebody rats – біреуге ашулану, жағымсыз әсер қалдыру; black dog on one's back – мұңаю, күйзеліске түсу; to eat like a pig – шошқадай төгіп-шашып жеу.

Жағымды эмоцияны, көңіл-күйді білдіретін: ботаның көзіндегі мөлдіреу; домаланған қозыдай сүйкімді; жаңа туған құлындай; егіз қозыдай т.б. Ағылшын тілінде: as gay as a lark (бозторғайдай көңілді), as mild as a dove (көгершіндей жұмсақ); as merry as a grig (көк шегірткедей көңілді); a memory like an elephant (сөзбе-сөз: есі пілдей), яғни еске сақтау қабілеті пілдікіндей жоғары; cold as a frog – құрбақадай суық.

Ашулану, ыза болу мәніндегі: қазақ тілінде: жаралы арыстандай аласұрды; нар бурадай шабыну; оқ жыландай ысқыру; ит арқасы құрысу; бұқадай жер тарпу; тышқан алған мысықтай; жыландай жиырылу; қойға тиген қасқырдай; ағылшын тілінде: to live cat and dog – мысық пен иттей өмір сүру; to squeal like a stuck pig (шала бауыздалған шошқадай шырылдау); to get one's goat – біреудің жынына тию; as cross as a bear (аюдай ашулы); to put one's monkey up – біреудің қытығына тию, ызаландыру. Сонымен қатар ағылшын тіліндегі to fight like Kilkenny cats (сөзбе-сөз: Килкени мысықтарындай айқасу) – өлімге бас тігіп қырқысу деген мағына береді. Бұл фразеологизмнің қалыптасуы XVII ғ. Kilkenny мен Irishtawn қалалары арасындағы қантөгістің аяғы екі қаланың да қирап бітуіне әкелген тарихи оқиғаға негізделген.

Қорқыныш, таңданыс, жайсыздық: қазақ тілінде: іші ит жыртқандай; қойнына жылан салып жібергендей ыршу; құлаққа ұрған танадай меңірею; жылан жалағандай қылу; ит көрген ешкідей; ағылшын тілінде: to have kittens – төзімі таусылу; to get butterflies in one's stomach – мазасыздану; ants in one's pants – шыдамсыздық, төзімсіздік.

Адамдардың өзара қарым-қатынасын сипаттайтын сөз тіркестері:

Тығыз қарым-қатынас: қазақ тілінде: ат мінгізіп, тон кигізу; төсекте басы, төскейде малы қосылған; қоян-қолтық араласу; ағылшын тілінде: as thick as thieves (бір-біріне ұрылардай жақын болу); to handle with kid/gloves – біреумен сақтықпен, сыпайы араласу; hitch horses together – бір-біріне сәйкес келу.

Келеңсіз қарым-қатынас: қазақ тілінде: ит тартыс; бақан тірес; қоңыз тергізу; тоқал ешкідей қылу; түлкі қуған қазыдай соңына түсу; ағылшын тілінде: wolf in sheep's clothing (қой терісін жамылған қасқыр); to play cat and mouse with smb – ит пен мысықша араласу; to put a bug in smb's ear – біреудің құлағына сыбыс жеткізу; to follow somebody like a dog – ит сияқты артынан жүгіру; to play horse with smb – біреуді ақымақ қылу, it is hard to have a wolf full and whether whole – қасқыр мен қой бір жерден су ішпес деген мағынаны береді.

Көмектесу: қазақ тілінде: ат салысу; ат майын беру; иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар. Ағылшын тілінде: help a lame dog over a stile – біреуге көмек қолын созу; to bring a lost sheep into the fold – жолдан адасқан адамды қатарына қосу; temper the wind to the shorn lamb – біреудің қасіретін жеңілдету; to grease the fat pig – (сөзбе-сөз: семіз шошқаны маймен жабу), яғни «ақшасы бар бай адамға көмектесу» деген мағынаны береді.

Ұрсу, жанжалдасу: қазақ тілінде: ит терісін басына қаптау, ит ыржың, көзіне көк шыбын үймелету; аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу; ит пен мысықтай өмір сүру; ара талағандай қылу; ағылшын тілінде: to have a crow to pick with smb – біреумен есеп айырысу; to lead a cat and dog life with smb – ит пен мысықша өштесіп өмір сүру; to give smb rats – біреумен ұрсысу, жанжал шығару; to cook one's goose – өз-өзіне ор қазу; fly in the face of somebody – біреуді ұрысқа, жанжалға шақыру; to be in the dog house – біреумен жанжалдасу; chastise smb with scorpions –

біреуді қатал жазалау. Мысалы: If you worry or excite your brain... you will cook your own goose by a quick fire. (Hard Cash by Charles Reade, ch. XVII. 2018). Егер сіз ашуланып, мазаланатын болсаңыз... өз-өзіңізге ор қазасыз.

Зерттеуші-ғалымдар Г.Н. Смағұлова мен Г.Д. Айтжанованың «Фразеологиялық калькалар» еңбегінде: «Фразеологизмдер сөйлеу және жазба тілде бағалаушылық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды-экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы арасында жай хабарласу, ойды көркем жеткізу ғана құралы емес, түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын менталдық бірліктер ретінде танылады», – деген тұжырым жасалған (Смағұлова, Айтжанова, 2005: 121). Осылай лексикографиялық талдау арқылы зоонимдік компоненті бар фразеологизмдерді анықтап алсақ, ендігі кезекте екі елдің фразеологизмдерін салыстыра отырып, тұрақты тіркестердің қолдану аясы мен мәдениетке байланысын зерттейміз. Ғалым, ізденуші Т. Ғабитовтың: «Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойы жинаған шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады. Адамзаттың рухы мен келбеті, орны толмайтын шығындары мен өмірлік сабақтары, діні мен тілі, ділі мен мұраты – осының бәрі мәдениетпен біте қайнасқан» (Ғабитов, 1996: 128), – деген пікіріне сүйенетін болсақ, фразеологизмдердің де, адамның шығармашылығы, тілі ретінде мәдениетке тигізген үлесі бар екенін көреміз. Осы ойымызға профессор Ж. Манкеева: «Мәдениетті тілден бөліп қарамаймыз. Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы да ерекше маңызды. Кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетіні белгілі» (Манкеева, 1997: 53), – деп, өзінің «Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы» еңбегінде келтірген пікірі дәлел бола алады.

Алайда біз зерттеп отырған тақырыпта бұл ұғымдар болмауы да мүмкін. Өйткені бұл зерттеу жұмысы адам мінезін сипаттайтын зоонимдік компоненті бар фразеологизмдермен ғана шектеледі.

Ағылшын және қазақ қауымдарының арасында өте тығыз әлеуметтік-тарихи, мәдени байланыс бар деп айту қиын. Бірақ тіл бір-бірінен тәуелсіз қалыптасқандықтан, өзара мағыналас келетін, ұқсас жағдайларда туындаған бірен-саран тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Кез келген символдардың артында әр тілдің мәдени мұрасы жатыр. Корпас Пастор мен Мена Мартинестің пікірінше, халықтың мәдени дамуы «әр түрлі сипаттағы бірқатар жетістіктермен, тарихи жетістіктермен, нанымдармен, тәжірибелермен және тіпті әртүрлі көріністермен анықталады (Мартинес, 2004: 25).

Мысалы, екі тілде де момын, жуас адамның мінезін «қой» – «sheep» сөзі қолданылады. Қазақ тілінде: қойдан жуас, қойдан қоңыр, қой аузынан шөп алмас, қойша жусап тыңдау; ағылшын тілінде: to follow smb. like a sheep (қой сияқты біреудің артынан еру), a sheep among wolves (қасқыр арасында қалған қойдай), lost sheep (адасып қалған қой) деп аталатын тұрақты тіркестер бар.

Сонымен қатар екі тілде де аңқаулық, топастық, жағымсыздықты бейнелейтін символ ретінде «ass» – «есек» қазақ тілінде: есекке үкі таққандай, аңқау есектей, қара есекке теріс мінгізу; ағылшын тілінде: *all asses wag their ears* деген мақалды қазақ тіліне мағынасына қарай аударса, *ақымақ атқа мінсе, атасын танымас* деген мағына береді.

Ақымақ, аңқау адамды тек есекпен ғана емес, қазақ тілінде сиырмен де бейнелеп жатады. Мысалы, сиыр сипағанды білмес; жаман сиыр өрешіл; өкірген сиырдай: сүзеген сиырға мүйіз бермейді т.б. деген тұрақты сөз тіркестерінен ақымақ адам мінезін сиырмен де сипаттаған байқаймыз. Ал ағылшын тілінде «goose» – «қаз» атауына қатысты келеді, мысалы: as silly as a goose деген «қаз сияқты өте аңқау» дегенді білдіреді. Қоғам арасында бұл тұрақты тіркестердің қолдану аясы «есек» символына қарағанда аз пайдаланылады.

Жылқы малы қазақ тілінде адамның досы ретінде, төзімділік пен еңбекқорлықтың бейнесінде келеді. Бұл жерде жылқының өзінің мінезі мен болмысы сипатталса, ағылшын тілінде адам бойындағы еңбекқорлықты жылқыға теңеу арқылы келтіреді. Мысалы, a good horse cannot be of a bad colour, a willing horse (сөзбе-сөз: жақсы жылқы жаман түсті болмайды; мойынсұнғыш жылқы) т.б. тұрақты сөз тіркестері еңбексүйгіш, еңбекқор адамның мінезін сипаттайды.

Мысалдардан екі халықтың адам мінезін сипаттайтын зоонимдік компоненті бар тұрақты

тіркестерінде көбіне ұқсастық бар екені байқалады. Ағылшын тілінде теңіз жануарлары мен Англиядағы аң-құстардың атауларынан жасалған тұрақты сөз тіркестері қазақ тілімен салыстырғанда ағылшын тілінде көптеп кездесуі сол елдің ұлттық кодын сипаттайды. «Фразеологизмдер әр уақытта халықтың көзқарасын, қоғамдық құрылымын, әр дәуірдің идеологиясын жанамалап көрсетеді», – деген Б.А.Лариннің пікірімен толқытай келісуге болады (Ларин, 1993: 240).

Фразеологизмдерді семантикалық талдау сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын және олардың бір-бірімен қалай әрекеттесетінін көрсетеді. Бұл тіл мен мәдениетті талдаудың маңызды құралы. Біз сөздерді мағыналары бойынша талдап және сөйлемдердегі семантикалық рөлдерді анықтай аламыз. Әрине, мәтінді түсінуге әсер ететін контекст пен ассоциацияларды ескеру маңызды және мұның бәрі мәтінді жақсы талдауға және оның мағынасын айқындап береді. «Семантикалық талдау – сөздің семантикалық құрылымын талдау мен мән-мағынасын анықтауды жүзеге асыру» (Кубрякова, 1996: 85). Сонымен, зоонимдік компоненті бар екі халықта кездесетін фразеологизмдердің семантикасын қарастырып көрейік.

Қазақ тілінде:

Жуас адамға байланысты: Қазақ халқы қой малын айдауға көнбіс, айтқанымен жүретін болғандықтан, адам бойындағы кездесетін осы мінезді қойдың жуастығына теңеген. Халық арасында кең таралған «қой аузынан шөп алмас» тұрақты тіркесі момын, ұяң адамға қатысты айтылады.

Зерек адамға байланысты: Қазақ халқы жылқыны тай кезінен танитын, жақсы тайдың бәйгеге қосылып бертін келе жүйрік сәйгүлікке айналатынын ауыспалы мағынада ала отырып, зерек, ақылды адамның мінезін сипаттаған. Қоғамда кеңінен айтылатын сөз тіркесі «жүзден жүйрік мыңнан тұлпар» т.б.

Боссөзді адамға байланысты: Қазақ жақсы сөздің қадірін біліп, қысыр, патуәсі жоқ сөз сөйлейтін адамдарды тыйып отырған. Мысалы: ауыздыға сөз, аттыға жол бермеу, құрты бар сөз айту т.б.

Мақтаншақ адамға байланысты: Аузымен құс ұстап отыр фразеологизмі мақтан сүйетін адамдарға, аузымен орақ орып, болмасты болдыратындарға қатысты айтылады. Ел арасында кеңінен айтылатын сөз тіркесі «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жарады» т.б.

Қыңыр адамға байланысты: Адамдар табиғатына байланысты әртүрлі болып келеді. Қырсық, қыңыр мінезді адамдарға байланысты көптеген зоонимдік фразеологизмдер бар. Мысалы: бірде бүйе, бірде түйе, ит мінез; сегіз кессе, сіркедей қан шықпас т.б.

Ашкөз адамға байланысты: Жемқорлыққа қатысты халық арасында мынадай фразеологизмдер қалыптасқан: аш қасқырдай, жемтікке қонған күшіктей, атты арбап, атан жұтқан т.б.

Қазақ халқы түлкінің қулығын ел арасында алдап, арбап, жағымсыз іс-әрекеттерімен танылған адамдарға пайдаланған. Мысалы: ішінде ит өліп, түлкі тұншығып жатыр.

Ағылшын тілінде:

Ақылды адамға байланысты: Serpentine wisdom; wise as a serpent – жыланның даналығындай; жылан сияқты ақылды; never offer to teach fish to swim (сөзбе-сөз: ешқашан балықты жүзуге үйретуді ұсынбаңыз) деген секілді тұрақты тіркестер кездеседі. Ағылшын халқында ақылдың символы ретінде жылан қалыптасқан. Сондықтан да «жыланның даналығы»; «абжыландай ақылгөй» секілді фразеологизмдер бар.

Момын адамға байланысты: as gentle as a lamb (dove) – қой/көгершін сияқты нәзік/момын; one wouldn't hurt a fly – ұшқан шыбынға зияны тимейді; a plucked pigeon – алданған байқұс; as tame as a chicken – өте мойынсұнғыш және т.б. Ағылшын тілінде момындықтың, жуастықтың белгісі ретінде тек қой ғана емес, сонымен қатар, қозы, көгершін, балапан секілді жануарлар символ болып қалыптасқан.

Сараң адамға байланысты: Іші тар, сараң адамдардың келеңсіз қасиеттері де жануарлар ерекшеліктеріне байланысты көрініс тапқан. Мысалы: jump at something like a cock at a groser – бір нәрсеге үйрек сияқты ашкөздене тарпа бас салу; a dog in the manger – қорадағы иттің қылығындай және т.б. Үйрек ағылшындар үшін сараңдықтың символына айналған.

Қу, жылпос адамға байланысты: Ағылшын халқында жыланның екі түрі болады. Біріншісі қулықтың символы болса, екіншісі ақылдылықтың символы. Сондықтан жылан кейде жағымсыз мәнде қолданылатын фразеологизмдерде кездеседі. Мысалы: *A fly on the wheel* – (сөзбе-сөз: дөңгелек үстіндегі шыбындай) яғни өзіне көп алатын мінезді сипаттаса, *a snake in the grass* – су астындағы жылан немесе құпия жауыз; *wriggle like a cut snake* – (сөзбе-сөз: кесілген жылан сияқты бұралу), яғни қулық жасау деген мағынаны береді.

Мақтаншақ адамға байланысты: Ағылшын халқы өзін жоғары ұстап, мақтанатын адамдарды сипаттауда әтештің, түйеқұстың бейнесіндегі символдарды қалыптастырған. Мысалы: *each bird loves to hear himself sing* (сөзбе-сөз: әр құс өзінің әнін тыңдағанды ұнатады); *like a turkey-cock* – (сөзбе-сөз: күркетауық сияқты өзінше болып жүру); *a cock is valiant on his own doughill* – (сөзбе-сөз: әтеш өзінің төбесінде батыл) т.б.

Ақымақ адамға байланысты: Аталмыш халық түйсіксіз, ақымақ адамның мінез құлқын сипаттауда көбіне есекке, кей кезде маймыл мен балыққа теңеген. Мысалы: *a poor fish* – байғұс балықтай; *as crazy as a bed-bug* – есінен адасқандай; *as stupid as a donkey* – есек сияқты ақымақ және т.б.

Осы секілді тіркестердің барлығы делік сөйлемдерде сын есім рөлін атқарады. Бұл пікірді ғалым Филмор өзінің «Грамматикалық құрылымдардағы жүйелілік және идиоматизм» еңбегінде былай деп баяндайды: «Ағылшын тілінде зоонимдік компоненттері бар фразеологиялық бірліктер көбінде сын есімдер ретінде қолданылады» (Филмор, 1988: 227).

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі зоонимдік компоненті бар фразеологизмдердің семантикалық талдауы тіл мен мәдениет арасындағы байланысты терең түсінуге мүмкіндік беретін зерттеу болып табылады. Бұл зерттеу жануарлардың адамның мінез-құлқы мен мінезін сипаттау үшін қалай қолданылатынын, қалай бейнелейтінін анықтайды.

Зерттеу көрсеткендей, екі тілде де адам табиғатының әртүрлі аспектілерін сипаттау үшін метафоралық бейнелер ретінде жануарлармен фразеологиялық бірліктер қолданылады. Белгілі бір қасиеттерді тиісті жануарлардың мінез-құлқымен байланыстыра отырып жеткізеді. Дегенмен, фразаларда қандай жануарлар қолданылатындығында және олар қандай қасиеттерді бейнелейтінінде айырмашылықтар бар. Әр халық мәдениетінің ерекшеліктері мен құндылықтарын көрсететін зоонимдік компоненттері бар өзіндік ерекше фразеологиялық бірліктері бар. Мысалы, қазақ мәдениетінде «ит терісін басына қаптау» сөзі ұрысып, жерден алып, жерден салуды білдіреді. Ағылшын мәдениетінде «as sly as a fox» (түлкі сияқты айлакер) немесе «as stubborn as a mule» (есек сияқты қыңыр) сияқты тіркестер де белгілі бір сипаттамаларды береді және жануарлардың мінез-құлқымен байланысты.

Зерттеу барысында адамның мінезін сипаттайтын зоонимдік компоненттері бар тұрақты тіркестерді семантикалық белгілер бойынша топтастыруға болатындығы анықталды. Бұл тереңірек талдау үшін осындай фразеологиялық бірліктерді жүйелеуге және жіктеуге мүмкіндік береді. Зоонимдік компоненті бар әрбір фразеологизмнің өзіндік ерекше мағынасы және ол қолданылатын контексті бар. Олар белгілі бір қасиеттерді, эмоцияларды немесе жағдайларды білдіру үшін қолданылуы мүмкін. Бұл осы мысалдарды түсіндіруде контекст пен ассоциацияның маңыздылығын көрсетеді.

Қорытынды

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі зоонимдік компоненттері бар фразеологиялық бірліктерді зерттеу тіл мен мәдениеттің өзара іс-қимылы туралы құнды ақпарат береді. Әртүрлі мәдени және лингвистикалық шығу тегіне қарамастан, екі тіл де зоонимдерді адам тәжірибесі мен әлеуметтік динамиканың жалпы аспектілерін көрсететін адамдық қасиеттерді сипаттау үшін қолданады. Жалпы зоонимикалық өрнектерді талдау «қой» және «есек» сияқты терминдерді қолдана отырып, жұмсақтық пен сәйкестікті бейнелеудегі ортақтықты анықтайды. Екі тілде де бұл зоонимдер мойынсұнушылық, икемділік және аңғалдық сияқты қасиеттерді жеткізу үшін қолданылады. Бұл жалпы лингвистикалық ерекшелік мәдени айырмашылықтарға қарамастан, идиомалық тілде көрініс табатын әмбебап адам тәжірибесі мен мінез-құлық белгілері бар екенін көрсетеді. Дегенмен зерттеу сонымен қатар фразеологиялық өрнектерді қалыптастырудағы мәдени нюанстардың маңыздылығын көрсетеді. Қазақ тілі негізінен оның көшпелі мұрасын және

жануарлармен тығыз байланысын көрсететін малға қатысты зоонимдерді қолданса, ағылшын тілі жабайы табиғат пен теңіз тіршілігімен байланысты зоонимдерге сүйенеді. Бұл мәдени айырмашылық осы тілдердің қолданысындағы дүниетаным мен әлеуметтік контекстердің әртүрлілігін көрсетеді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі зоонимдік компоненттері бар фразеологиялық бірліктерді зерттеу екі тілдің де мәдени және лингвистикалық ерекшеліктеріне және олардың мәдениетпен байланысына маңызды түсініктер береді.

Жануарлар атауларын таңдаудағы, семантикадағы және фразеологиялық бірліктерді қолдану контекстіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар халықтардың мәдени мұрасы мен менталитетінің әртүрлі жақтарын көрсетеді. Бұл нәтижелер мәдени түсініктерді қалыптастырудағы тілдің рөлі туралы түсінігімізді байытады және мәдениетаралық қарым-қатынас пен аударма туралы білімімізді тереңдетуге көмектеседі.

Әдебиеттер

- Мықтыбаева Т.Ж. (2005) Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2005.
- Қоңыров Т. (2007) Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 480 б.
- Копыленко М.М (1995) Основы этнолингвистики. – Алматы, 1995.
- 500 ағылшын мақал-мәтелдері. (2003) Ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде. – Алматы: Көшпенділер, 2003. – 467 б.
- Рсалиева Н.М. (2012) Қазақ және ағылшын тілдеріндегі идиомалардың аудармасы жөнінде // IV International Conference Building Cultural Bridges: Language, Literature, Translation and Journalism, 2012. – 145-149-66.
- Хасанов М.Ш. (1993) Космос казахской культуры. – Алматы: Евразия, 1993. – 177 б.
- Байсыдық И., Кудеринова К., Шаханова Р., Ризахожаева Г., Жылтырова Ж. (2023) Lexical aspect in language and culture communication // Xlinguae, – 2023. Vol.16, No.1. – P. 216 – 223.
- Кеңесбаев І.К. (1977) Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
- Қайдар Ә.Т. (1998) Қазақ этнолингвистикасы // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: 1998. – 8-29-бб.
- Смағұлова Г.Н., Айтжанова Г.Д. (2005) Фразеологиялық калькалар. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 121 б.
- Ғабитов Т. (1996) Мәдениеттануға кіріспе. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
- Манкеева Ж.А (1997) Қазақ тілінің заттық мәдени лексикасы: филол. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 1997. – 53 б.
- Corpas Pastor, G., Mena Martinez, F. M. (2004) La globalización de la fraseología como convergencia cultural. Letras de Hoje, Porto Alegre, V. 39, N.1, p. 9-43, mar. 2004.
- Ларин Б.А. (1993) Избранные труды. Вып.2. – 1993. – 240 с.
- Кубрякова Е.С. (1996) Краткий словарь когнитивных терминов. – М.: Москва. 1996. – 85 с.
- Fillmore C.J. (1988) Regularity and Idiomaticity in Grammatical Constructions, 1988, – P. 501-538.

References

- 500 aғылшын мақал-мәтелдері. Ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде. – Алматы: Көшпенділер, 2003 ж. – 467 б. [500 English proverbs. (2003) in English, Russian and Kazakh. – Алматы: Nomads, 2003. – 467 p.] (in Kazakh)
- Baissydyk I., Kuderinova K., Shakhanova R., Rizakhoyayeva G., Zhylytyrova Zh. (2023) Lexical aspect in language and culture communication. – Xlinguae. – 2023. – Vol. 16, No. 1. – P. 216 – 223. (in English)
- Corpas Pastor, G.; Mena Martinez, F. M. (2004) La globalización de la fraseología como convergencia cultural. Letras de Hoje, Porto Alegre, – 2004. Vol. 39, No. 1, P. 9-43. (in English)
- Fillmore C.J. (1988) Regularity and Idiomaticity in Grammatical Constructions, 1988. – P. 501-538 (in English)
- Ĝabitov T. (1996) Mädeniëttanuĝa kirispe. – A: Sanat, 1996. – 128 b. [Gabitov T. (1996) Introduction to cultural studies. – A: Sanat, 1996. – 128 p.] (in Kazakh)
- Keñesbaev I.K. (1977) Qazaq tiliñ frazeologialyq sözdıgı. – Almaty: Ĝylym, 1977. – 711 b. [Kenesbayev I.K. (1977) Phraseological Dictionary of the Kazakh language. – Almaty: Gylym, 1977. – 711 p.] (in Kazakh)
- Khasanov M.S. (1993) Kosmos kazahskoi kültury. – Almaty: Eurasia, 1993. – 177 b. [Khasanov M.S. (1993) Space of Kazakh culture. – Almaty: Eurasia, 1993. – P. 177] (in Russian)
- Kopylenko M.M (1995) Osnovy etnolingvistiki. – Almaty, 1995. – S. 35 [Kopylenko M.M (1995) Fundamentals of ethnolinguistics. – Almaty, 1995. – P. 35] (in Russian)
- Kubrăkova E.S. (1996) Kratki slovăr kognitivnyh terminov. – M.: Moskva. 1996. – S. 85 [Kubryakova E.S. (1996) A concise dictionary of cognitive terms. – M.:Moskva. 1996. – P. 85] (in Russian)
- Larin B.A. (1993) İzbrannye trudy. Vyp.2. – 1993. – 240 s. [Larin B.A. (1993) Selected words. Issue 2. – 1993. – 240 p.] (in English)

Mankeeva J.A. (1997) Qazaq tiliniñ zattyq mädeni leksikasy: f.ğ.d. ... avtoref. – A. 1997. – 53 b. [Mankeeva Zh.A. (1997) Material cultural lexicon of the Kazakh language: Doc. of Philol. Scien. ... diss. abstract. – A. 1997. – 53 p.] (in Kazakh)

Myqtybaeva T.J. (2005) Qazaq jäne aғылшын tilderindegi animalistik frazeologizmderdin konnotativtik semantikasy: filol. ғыl. kand. ... diss. – Almaty, 2005. – B. 9. [Myktibaeva T.Zh. (2005) Connotative semantics of animalistic phraseology in Kazakh and English. Cand. of Philol. Scien. ... diss. – Almaty, 2005. – P. 9] (in Kazakh)

Qaidar Ä.T. (1998) Qazaq Etnolingvistikasy. – Qazaq tiliniñ özekti mäseleleri. – Almaty: 1998. – 8-29 b. [Kaidar A.T. (1998) Kazakh Ethnolinguistics. – Actual problems of the Kazakh language. – Almaty: 1998. – P. 8-29] (in Kazakh)

Qoñyrov T. (2007) Türaqty teñeuler sözdigi. – Almaty: Arys, 2007. – 480 b. [Konyrov T. (2007) Dictionary of Regular Equations. – Almaty: Arys, 2007. – 480 p.] (in Kazakh)

Rsalieva N.M. (2012) Qazaq jane aғылшын tilderindegi idiomalardyn audarmasy joninde. – IV International Conference Building Cultural Bridges: Language, Literature, Translation and Journalism, 2012. – 145-149 b. [Rsalieva N.M. (2012) Translation of idioms in Kazakh and English languages. – IV International Conference Building Cultural Bridges: Language, Literature, Translation and Journalism, 2012. – P. 145-149] (in Kazakh)

Smağūlova G.N., Aitjanova G.D. (2005) Frazeologialyq kälkalar. – Almaty: Qazaq universiteti, 2005. – 121 b. [Smagulova G.N., Aitjanova G.D. (2005) Phraseological calculus. – Almaty: Kazakh University, 2005. – 121 p.] (in Kazakh)